

**Қарағанды облысы білім басқармасының
Шахтинск қаласы білім бөлімінің
«Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

Шахтинск қ.

**27.03.2025ж.
16.30 сағат**

Қатысты:

Директор – К.Нугуманова
ҚК Хатшысы – А.Н.Жолдасбекова
ҚК төрайымы
Б.А.Мейрамова
ҚК мүшелері
Г.Китебаева
А.А.Калкенова
Д.С.Жұмағұл
Ж.Ш.Коздембаев
М.Т.Туkenова

Қатыспағандар:

ҚК мүшесі – З.К.Хумар
ҚК мүшесі – Д.Ж.Хамитжанова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024-2025 оқу жылына арналаған жөндеу жұмыс жоспарымен таныстыру
2. Бракераждық комиссия жұмысымен танысу
3. Бөбекжайға балаларды қабылдауға байланысты пилоттық жобаның іске асырылуы.

Тыңдалды:

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК директоры Карашаш Ахтаевна Нугуманова мен мемлекеттік сатып алу бойынша Гулден Сериковна Байдюсенова ҚК мүшелерін 2024-2025 оқу жылына арналаған жөндеу жұмыс жоспарымен таныстырды. Ағымдағы жылда мүгедектер үшін кедергісіз орта құру жоспарлануда және бөбекжай аланына қоршау орналастырылатыны айтылды.

Жөндеу жұмыстары бойынша келісім шартқа қол қойылды мемлекеттік сатып алу веб порталында орналастырылды.

1.Сөз сойледі

ҚК төрайымы Баян Адилқызы Мейрамова

ҚК мүшелеріне 2024-2025 оқу жылына арналаған жөндеу жұмыстарын келіп көру ұсынылды.

Тыңдалды:

Екінші сұрақ бойынша Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК директоры Карашаш Ахтаевна Нугуманова бракераждық комиссия жұмысы туралы және комиссия мүшелерімен таныстырды. Комиссия мүшелері тоқсанына бір рет ас блогына барып тамақ таратуға қатысып, дәміне қарай тағамдарды көріп, он күндік мәзірмен таныстырылатыны айтылды.

1.Сөз сойледі

ҚК төрайымы Баян Адилқызы Мейрамова

ҚК мүшелеріне бракераждық комиссиямен тамақтану сапасын қарау ұсынылды.

Тыңдалды:

Үшінші сұрақ бойынша Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК директоры Карашаш Ахтаевна Нугуманова 2024 жылдан бастап Қазақстанда ваучерлік қаржыландыру әдістемесін қолдана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік тапсырысты орналастыру бойынша пилоттық жоба іске асырыла бастағаның айтты. Бүгінгі таңда ваучерлік қаржыландыру Тараз Түркістан, Шымкент, Орал және Астана қалаларында жүзеге асуда.

Негізгі артықшылықтары: ата-аналарға бөбекжайды өз бетінше таңдау мүмкіндігі беріледі. Жүйе, ең алдымен, бүкіл қаржыландыру процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді, мұнда «ақша ұйымға емес, балаға беріледі».

Жаңа жүйе бөбекжайға кезекке тұру процедурасын жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар мұндағы түрлі заңсыз факторларды жояды. Ваучерлік қаржыландыру қағидаттарының бірі — серпінді бәсекелестік құру және тиісінше қызмет көрсету сапасын жақсарту болып табылатынын атап өткен жөн.

2025 жылдан бастап ваучерлік қаржыландыру жүйесі ел аумағында кезең-кезеңімен енгізіле бастайды.

Қаулы етті:

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК директоры Карашаш Ахтаевна Нугуманова ҚК мүшелеріне бөбекжайды дамытуға бағытталған өз ұсыныстарын енгізуді ұсынды.

ҚК төрағасы
ҚК хатшысы



Б.А.Мейрамова
А.Н.Жолдасбекова

ҚК мүшелері:

Г.Китебаева



М.Т.Тукенова



А.А.Калкенова



Д.С.Жұмағұл



Ж.Ш.Коздембаев

